

С.М. Парпиев^{1*}, С.Т. Жакубаева¹, А.А. Акатаева²

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

²Қаныш Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: parpiyev.syrym@gmail.com

ИРАН БИЛІГІ МЕН КҮРДТЕРДІҢ ҚАҚТЫҒЫС МӘСЕЛЕСІН ТАЛДАУ: Э. АЗАРДЫҢ «ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ӘЛЕУМЕТТІК ҚАҚТЫҒЫС» ТҰЖЫРЫМЫ НЕГІЗІНДЕ

Иран билігі мен күрдтер арасындағы шиеленіскен қақтығыстар соңғы бір ғасыр бойы жалғасып келеді. Иран күрдтерінің жергілікті билікпен қарым-қатынасы әр режим тұсында әр түрлі дамып келді. Ирандағы күрдтердің мәселелерін қамтитын зерттеулер көлемі жағынан Түркия, Иран, Сирия күрдтері туралы зерттеулер санынан салыстырмалы түрде азырақ. Оның себебі, Ирандағы мемлекеттік саясат жекелеген ғалымдарға зерттеу жүргізуге қажетті дереккөздерге қолжетімділігін шектеуге бағытталғандығымен түсіндіріледі.

Ирандағы күрдтердің мәселесі осы күнге дейін тек, ұлттық қозғалыс пен бірегейлік мәселелері шеңберінде жүргізіліп келгендігін ескерсек, жергілікті күрдтер мен Тегеран билігінің өкілдерімен қақтығыстық қарым-қатынасқа белгілі бір тұжырымдық концепция тұрғысынан түсіндіру әрекеттері жетіспейтіндігін айтуға болады.

Бұл зерттеу жұмысы Иран билігі мен күрдтер қақтығысын Э. Азардың ұзақ мерзімді әлеуметтік қақтығыс тұжырымы тұрғысынан қарастырады. Талдау критерийлері ретінде, топтардың қоғамдық құрылымы, адами негізгі қажеттіліктерінің қамтамасыз етілмеуі, басқару және мемлекеттің, халықаралық байланыс элементтері алынды.

Зерттеу қорытындысы бойынша, біріншіден, Ирандағы күрдтер ғасырлар бойы өз бірегейлігін жоғалтпаған, ассимиляцияға төтеп бере алатын және жұмылдыру деңгейі жоғары ұлттық топ екендігін көрсете алды. Екіншіден, Иран үкіметі күрдтердің экономикалық, саяси, әлеуметтік, мәдени қажеттіліктерін қамтамасыз етуде шектеулер қою саясатын ұстанып келді. Үшіншіден, Иран үкіметі тарихи әр кезеңде күрдтерге қатысты ассимиляциялық және репрессиялық саясатты ұстанып келді. Бұл әсіресе, исламдық республика шеңберінде айқын байқалады. Себебі, Иранның ұлттық интеграциялық идеологиясы жекелеген ұлттар бірге өмір сүретін федерациялық формаға емес, керісінше, «мұсылмандық умма» деп этникалық шеңберден шығатын универсалды идеяға негізделді. Төртіншіден, ирандық күрдтер әрқашан да шетелдегі күрд диаспоралармен тығыз байланыста екендігі мәлім болды. Бұл оларға өз мәселелерін халықаралық деңгейде көтеріп, әрқашан қолдау ала алатындықтарын білдіреді. Демек, Э. Азардың тұжырымы Иран билігі мен күрдтер арасындағы қақтығыстың ұзақ мерзімді болуының себептерін түсіндіруге келеді.

Түйін сөздер: иранның ұлттық саясаты, күрдтер қозғалысы, ұзақ мерзімді әлеуметтік қақтығыс, ассимиляция, ұлттық саясат.

S.M. Parpiyev^{1*}, S.T. Jakubayeva¹, A.A. Akatayeva²

¹Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

²Satbayev University, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: papiyev.syrym@gmail.com

Analysis of the problem of the conflict between the Iranian authorities and the Kurds: based on the concept of «protracted social conflict» by E. Azar

Tense conflicts between the Iranian authorities and the Kurds have continued over the past century. The relations of the Iranian Kurds with the local authorities developed differently under each regime. The studies covering Kurdish issues in Iran are comparatively smaller in volume than the studies of the Kurds of Turkey, Iran, and Syria. The reason is that the state policy in Iran is aimed at restricting the access of individual scientists to the sources necessary for conducting research. Considering that the problem of Kurds in Iran is still being conducted only within the framework of issues of national movement and identity, it can be stated that there are no attempts to clarify the conflict relations with representatives of local Kurds and Tehran from the point of view of a certain conceptual concept.

This research paper examines the conflict between the Iranian authorities and the Kurds from the point of view of concluding a long-term social conflict by E. Azar. The elements of the social structure of

groups, the lack of basic human needs, governance and the state, and international relations were taken as the analysis criteria.

According to the results of the study, firstly, it was possible to show that the Kurds in Iran are the national group that has not lost its identity for centuries, is able to resist assimilation and has a high level of mobilization. Secondly, the Iranian government adhered to the policy of imposing restrictions on ensuring the economic, political, social, and cultural needs of the Kurds. Thirdly, the Iranian government has historically adhered to an assimilative and repressive policy towards the Kurds at every stage. This is especially noticeable within the framework of the Islamic Republic. This is due to the fact that the national integration ideology of Iran was not based on a federal form in which individual nations coexist, but rather on a universal idea that goes beyond ethnicity as a «Muslim Ummah». Fourth, it became known that the Iranian Kurds have always been closely connected with the Kurdish diaspora abroad. This means that they can always raise their concerns internationally and get support. Consequently, Azar's conclusion boils down to explaining the reasons for the long-term existence of the conflict between the Iranian authorities and the Kurds.

Key words: national policy of Iran, Kurdish movement, long-term social conflict, assimilation, national policy.

С.М. Парпиев^{1*}, С.Т. Джакубаева¹, А.А. Акатаева²

¹Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

²Казахский национальный исследовательский технический университет

имени К. И. Сатпаева, Казахстан, г. Алматы

*e-mail: papiyev.syrym@gmail.com

Анализ проблемы конфликта между иранскими властями и курдами: на основе концепции «затяжного социального конфликта» Э. Азара

Напряженные конфликты между иранской властью и курдами продолжались в течение последнего столетия. Отношения иранских курдов с местными властями развивались по-разному при каждом режиме. Исследования, охватывающие курдские проблемы в Иране, сравнительно меньше по объему, чем исследования курдов Турции, Ирана, Сирии. Причина в том, что государственная политика в Иране направлена на ограничение доступа отдельным ученым к источникам, необходимым для проведения исследований.

Учитывая, что проблема курдов в Иране до сих пор ведется только в рамках вопросов национального движения и идентичности, можно констатировать, что в конфликтных отношениях с представителями местных курдов и Тегерана отсутствуют попытки разъяснения с точки зрения определенной концептуальной концепции.

Данная исследовательская работа рассматривает конфликт иранских властей и курдов с точки зрения заключения долгосрочного социального конфликта Э. Азара. В качестве критериев анализа были взяты элементы общественной структуры групп, необеспеченности основных человеческих потребностей, управления и государства, международных связей.

По итогам исследования, во-первых, удалось показать, что курды в Иране – это национальная группа, которая на протяжении веков не теряла своей идентичности, способна противостоять ассимиляции и имеет высокий уровень мобилизации. Во-вторых, иранское правительство придерживалось политики наложения ограничений на обеспечение экономических, политических, социальных, культурных потребностей курдов. В-третьих, иранское правительство исторически придерживалось ассимиляционной и репрессивной политики в отношении курдов на каждом этапе. Особенно это заметно в рамках Исламской Республики. Это связано с тем, что национальная интеграционная идеология Ирана основывалась не на федеративной форме, в которой отдельные нации сосуществуют, а, скорее, на универсальной идее, которая выходит за рамки этнической принадлежности как «мусульманская умма». В-четвертых, стало известно, что иранские курды всегда были тесно связаны с курдской диаспорой за рубежом. Это означает, что они всегда могут поднять свои проблемы на международном уровне и получить поддержку. Следовательно, вывод Э. Азара сводится к объяснению причин длительного существования конфликта между иранскими властями и курдами.

Ключевые слова: национальная политика Ирана, курдское движение, долгосрочный социальный конфликт, ассимиляция, национальная политика.

Кіріспе

2022 жылдың 16 қыркүйегінде қоғамдық орында хиджабты дұрыс кимегені үшін Иран азаматтары мен шетелдіктердің қоғамдық орындарда шариғат заңы бойынша киім үлгісін сақтауына жауапты арнайы полиция жасағы тарапынан тұтқындалған 22 жастағы Махса Амини белгісіз жағдайда полиция бөлімінде қайтыс болды. Махса Аминимен бірге қамауға алынған әйелдер және жекелеген куәгерлер оған тергеу барысында құқық қорғау қызметкерлері тарапынан күш қолданылғандығын жариялады (Al-Monitor, 2022). 22 жастағы саяси белсенді қыздың өлімі, әрине, Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ) бастаған көптеген халықаралық ұйымдар, мемлекет басшылары мен адам, соның ішінде әйел құқығын қорғау жөніндегі үкіметтік емес ұйымдардың наразылығын туғызып, 16 қыркүйектен бастап күні бүгінге дейін Тегераннан бастап Иранның басқа да үлкен қалаларында бейбіт шерулердің үдере жалғасып келе жатқандығын көруге болады.

Ирандағы әйелдер жағдайының (гендер мәселесі) халі ұзақ жылдар бойы әлемдік баспасөз беттерінде, адам құқығы жөніндегі ұйымдарда қызу талқыға түсіп келе жатқандығы мәлім. Алайда, Иранда осындай ажиотаж жағдайында тағы бір мәселе желісінің параллельді түрде өрбігендігі ақпараттық кеңістікте жиі айтылды. Бұл Махса Аминидің күрд ұлты өкілі екендігі, сәйкесінше, Ирандағы күрд ұлтының қазіргі жағдайы да қатар қозғалды.

Махса Аминидің өлімінен кейінгі Иран күрдтерінің жаппай қозғалысы Күрдістан провинциясынан басталып, мемлекет ішіндегі басқа да аймақтарға тарады. Қозғалыс елдегі саяси-әлеуметтік, экономикалық жағдайлар, адам құқықтары, әйел құқықтарының сақталуы мен қорғалу жағдаяттарының қазіргі жай-күйіне наразылық ұранымен бір қатарда, күрді ұлтының мәртебесі мәселелерін қамтыды. Басқаша сөзбен айтқанда, бұл жолғы қозғалыстың басты ерекшелігі оны ұйымдастырушылар мен қатысушылардың құрамында болып табылады. Себебі, бұған дейінгі Иран күрдтерінің мемлекеттік режимге қарсы қозғалысы интеллектуалды орта таптың жетекшілігімен жекелеген әлеуметтік мәселелер – экономикалық әл-ауқат, инфрақұрылымдық даму сияқты нақтыланған мәселелерге негізделген болатын. Қыркүйектегі шерулер күрділер арасындағы барлық әлеуметтік тап өкілдерінің қатысуымен

жүзеге асты. Басты талап – Ирандағы саяси құрылымның фундаменталды өзгерістері мен реформалануы.

Ирандағы күрдтердің билікпен қақтығысы күні кеше орын алған құбылыс емес. «Тарихи Үлкен Күрдістанның» құрамдас бөлігі болып табылатын Иран Күрдістанының қалыпасуы сонау 1514 жылы орын алды. 1514 жылы Осман Империясының әскері Иранның солтүстік-батысындағы Чалдыран жерінде Сеффид Империясының әскерін талқандады. Сеффид Империясы бұл жеңілістен соң «Үлкен Күрдістан» батыс бөлігінен (Түрік Күрдістан, Сирия Күрдістан) айырылды (Yildiz, K., & Taysi, T. B., 2007). Чалдыран шайқасы шын мәнінде қазіргі Таяу Шығыстағы этникалық құрам мен саяси картаның алғышарттарын айқындады. Содан Иран территориясының құрамдас бөлігін болып келген Иран күрдтері Бірінші Дүниежүзілік соғысы аяқталып, Осман Империясы ыдырағаннан кейін дербес күрд мемлекетін құруға бірнеше рет әрекет етті. Алдымен, 1920 жылдары Шакак күрд тайпасы көсемі Исмаил Аға Шимко бастаған Иранның солтүстік-батысы бөлігі мен Батыс Әзірбайжан аумағында көтеріліс жасады. Алайда, бұлардың қозғалысы әзірбайжандықтар мен Иран армиясының бас қолбасшысы Реза Пехлевидің әскерімен тоқтатылды. Ал, 1946 жылы Иран күрдтері КСРО әскерінің көмегіне сүйене отырып Мұхаммед Қазидің басшылығымен Иранның солтүстік-батысында Мехабад Республикасын құрды. Мехабад Республикасы бар-жоғы 11 ай ғана өмір сүре алды. Британдықтар мен американдықтардың қолдауымен Иран әскерлері Мехабад аумағына басып кіріп, күрд әскерлеріне күйрете соққы берді. Нәтижесінде Мехабад Республикасы құлады. 1979 жылы Ирандағы Ислам революциясы нәтижесінде билікке келген Аятолла Хомейни Иран аумағындағы күрдтердің әрекетінен біртұтас ислам республикасын құруда тосқауыл болатын қауіпті көрді. 1979 жылғы Иран күрдтерінің көтерілісі үкіметтік әскерлер тарапынан тойтарылып, көтеріліс басшылары қатаң жазаға тартылды. 1989 жылы Венадағы күрд басшысы Абдул Рахмен Гассемлудың, 1992 жылы одан кейінгі сайланған Садег Шарафкандидың Берлинде Иран қауіпсіздік қызметкерлері тарапынан өлтірілуі Ирандағы күрдтердің саяси белсенділігінің қарқынын төмендетті (Yildiz, K., & Taysi, T. B., 2007).

Осылайша, Иран саяси билік пен күрдтер арасындағы қақтығыстың жалғасып келе жатқанына 1 ғасырдан астам уақыт өтті. Бұл

қақтығыстың болмысы мен даму алғышарттарын тану болып жатқан үдерістерді түсінуге және оның перспективаларын болжауға мүмкіндік береді. Бұл зерттеуде авторлар Иран саяси билігі мен иран күрдтері арасындағы ұзақ мерзім бойы жалғасып келе жатқан қақтығыстық қарым-қатынастардың сипатына қатысты ғылыми түсіндірмелік негізді белгілі қақтығыстанушы Эдвард Азардың ұзақ мерзімді әлеуметтік қақтығыстар (protracted social conflicts) концепциясынан іздейді.

Зерттеудің мақсаты – Ирандағы мемлекеттік билік пен күрдтер арасындағы қақтығыстық қарым-қатынастардың болмысы мен алғышарттарын, ұзақ мерзімге созылу мәселелерін Э. Азардың ұзақ мерзімді әлеуметтік қақтығыстар тұжырымының концептуалдық критерийлері арқылы талдау арқылы аталған мәселелердің сипатын түсіндіру болып табылады.

Зерттеудің әдіснамасы ретінде – екінші деңгейлі деректерді талдау (secondary data analysis) әдісін қолдана отырып, соның ішінде, құжаттар мен деректерді зерттеу әдісі (documentary method analysis) пайдаланылады. Зерттеу жұмысының дереккөздік базасы халықаралық қатынастар және қақтығыстану саласындағы ағылшын, орыс тілді академиялық қауымдастықтардағы жүргізілген зерттеулерге негізделеді. Бұл осы тақырып аясында қазіргі таңда қазақ тілді деректер базасының жетіспеушілігімен түсіндіріледі.

Зерттеу жұмысының құрылымы – кіріспе, зерттеудің тұжырымдамалық негізі, сараптау және қорытынды бөлімдерінен тұрады.

Зерттеудің тұжырымдамалық негізі

1. Тақырыптың зерттелімділік мәселелері

1) Иран күрдтеріне қатысты зерттеулерге шолу

Иран күрдтеріне қатысты зерттеулер жалпы күрдтерге қатысты жасалынған зерттеулер санының салыстырмалы түрде аз бөлігін құрайды. Күрдтер туралы пәнаралық тәсілдер негізінде жүргізілген зерттеулер негізінен Түркия, Ирак, Сирия күрдтері аясында көптеп жүргізілгендіген байқауға болады. Бұл ұзақ уақыт бойы Ирандағы деректік базаларға қол жетімділік және зерттеу жұмыстарын жүргізу әрекеттеріне қатысты мемлекеттік тұрғыдан шектеулердің қатаң түрде болғандығымен түсіндіріледі (Eccarius-Kelly, V., 2018). Дегенмен, жекелеген авторлар тарапынан жасалынған зерттеулер ағылшын тілді академиялық қауымдастықта баршылық.

Алдымен, иран күрдтердің ұлттық қозғалысы туралы зерттеулерін атауға болады. Бұл зерттеулер иран күрдтердің соңғы бір ғасырдың әр тарихи кезеңіндегі ұлт-азаттық қозғалысының қалыптасуы мен даму ерекшеліктері төңірегіндегі мәселелерді қозғайды. Атап айтқанда, Джефффри Греш жаһандану мен ақпараттық технологиялардың дамуы ирандық күрдтердің ұлттық бірегейлігі мен санасына әсер еткендігін меңзейді. Оның айтуынша, көршілес Ирактағы күрдтердің автономиялық аймақ құрып, саяси, мәдени, экономикалық автономдық құқыққа ие болуы ирандағы күрдтердің ұлттық қозғалысына да мотивация беруде. Жаһандану заманындағы ұлттық және мәдени, саяси құндылықтардың трансұлттандырылуы және оған қатысты Иран үкіметінің дәстүрлі саяси тәсілдерінің трансформацияға ұшырамай тұрақтануы түбінде ирандық күрдтердің ұлттық қозғалысына жаңа леп беруі мүмкін (Gresh, G. F., 2009). Ізін ала, Дж. Грештің идеясын қолдай отырып, Д. Итджаков ХХІ ғасырдағы иран күрдтерінің ұлттық қозғалысының триггері ретінде көршілес Ирактағы дербес мемлекет құру туралы 1992 жылдан бергі саяси әрекеттері, 2017 жылғы 25 қыркүйекте өткен референдумды көрсетеді. Көршілес мемлекеттегі күрдтердің жетістігі иран күрдтерінің де саяси белсенділігін арттыруына әсер етті. Алайда, автордың пікірінше Иракпен салыстырғанда Иран үкіметінің тұрақтылығы мен күш-әлеуетінің артықшылығы «ирактік сценарийдің» қайталануына жол бермейді (Itzhakov, D., 2017).

Осы тақырып аясында Х. Ахмедзаде мен Г. Стэнсфилд өз зерттеуінде иран күрдтерінің ұлттық қозғалысының кезеңдік ерекшелігіне тоқталады. Дж. Грештің логикасын жалғастыра отырып, олар ХХ ғасырдағы иран күрдтерінің ұлттық қозғалысын ұйымдастырушы саяси топтар мен ұлттық элиталардың ерекшеліктеріне баса назар аударады. Иран үкіметі – Шах режимі мен Аятолла Хомейни режимі кезеңдеріндегі күрд элиталарының қозғалысты жүзеге асыру стратегиясы шеңберіндегі өзара алауыздықтың өршуі, мақсаттық және көшбасшылық мүдде төңірегіндегі өзара түсініспеушіліктер түбінде иран күрдтері қозғалысының нәтижесіз аяқталуына алып келгендігін баяндайды (Ahmadzadeh, H., & Stansfield, G., 2010). Авторлар ирандық үкіметтің ұлттық саяси әрекеттерін қатаң түрде сынға алады. Бұл топтағы ғалымдарға қарсы ретінде Х. Али иран үкіметі мен күрд саяси элиталарының арасындағы қарым-қатынастарының радикалда-

нуына екі тарапта да өздерінің бір-біріне қатысты позицияларының абсолютті түрде санауында деп топшылайды. Оның пікірінше, Шах режимі мен Аятолла Хомейни режимінің күрдтерге қатысты қатаң репрессиялық, ассимиляциялық тәсілді қолданды. Ал, күрдтер өз тарапынан осы әрекеттерге жауап ретінде қарулы қақтығысқа баратын әрекеттерді қолданды. Екі тарапта да компромисстік әрекеттердің болмауы – елдегі жағдайды ушықтыруына алып келуде (Ali, H., 2016). К. Брэтүэйт, күрдтердің 4 мемлекеттің аумағына бөлініп орналасуы, қай мемлекеттегі күрдтер болсын, өзара болып жатқан ұлттық қозғалыстардағы жетістіктер 4 мемлекеттегі күрдтерге де әсер ететіндігін айтады. Мысалы, Ирактағы күрдтердің автономияға қол жеткізуі Түркия, Иран, Сирия үкіметтерінің репрессиялық әрекеттерге баруға, қауіпсіздік шараларын күшейтуге итермеледі. Сондықтан, ұлттық қозғалыстардың жүзеге асуында трансұлттық жағдаяттардың маңыздылығы меңзеледі.

Келесі топтағы зерттеулер иран күрдтерінің ұлттық бірегейлігі мен ұлттық қозғалыстың жұмылдыру идеологиясына бағытталады. М. Тезкюр мен П. Асадзаде иран күрдтерінің 5 ғасырдан астам уақыт Ирандағы тарихи империялардың ықпалында болғанына қарамастан, олардың діни әртүрлілік жағдайына қарамастан, этникалық бірегейлік жағдайын сақтап келеді (Tezcu, G. M., Asadzade, P., 2019). Ислам Республикасындағы діни бірегейлік мемлекет біртұтастығын сақтап қалуда базалық идеология болып табылатын болса, этникалық бірегейліктің параллельді түрде өмір сүруі орталық үкімет пен этникалық топтың бірегейлік қақтығысын кез-келген уақытта тудыруына алып келеді. Бұл этникалық топтың мемлекеттің интеграциялық және біртұтастылық идеологиясына қауіп төндіреді. Ирандық күрдтердің осы жағдайда мемлекеттік тиімді біртұтастылық немесе ішкі интеграциялық жобасынан тыс қалып, оқшаулануына алып келеді. А. Агаджанянның пікірінше, территорияға қатысты және осы территориядағы материалды ресурстардың «біздікі-олардікі» ұстанымымен бөлінуі Ирандағы «парсы» және «парсы емес» ұлттық топтардың өзара теңсіздік мәселесінің туындауына алып келді. Ирандағы индустриализация және модернизация үдерістері ұлттар арасындағы ресурс бөлісу, өміршеңдігін сақтап қалу аясындағы үздіксіз күрес жағдайына алып келді. Саяси орталықтану, парсы тілі мен шииттік исламдық идеологияның үстемділігі

түбінде ирандық күрдтердің саяси-әлеуметтік қарсылық әрекеттерді жасауға итермеледі (Aghajanian, A., 1983). А. Агаджанянның тезисін Н. Энтессардың зерттеуінен көруге болады. Н. Энтессардың ирандық күрд қозғалысының – анти-авторитарлық, демократиялық, тарихи анти-империалистік болуы алдымен орталық тарапынан атқарылған бірегейлікті өзгерту (ассимиляциялық) саясатпен байланысты. Бұл бірінші кезекте бірегейлікпен тікелей байланысты болады.

Қорыта келгенде, ирандық күрдтерге қатысты жүргізілген зерттеулер көлемі жағынан да, мазмұны жағынан да әлі де тереңірек, кешенді түрде зерттелуді талап етеді. Жоғарыда қарастырылған авторлардың еңбектері концептуалдық түрде инструменталистік – саяси идеологиялар мен либералдық-ұлттық өзін-өзін айқындау ұстанымдар төңірегінен шыға алмауда.

2) *Ұзақ мерзімді әлеуметтік қақтығыстар мәселесіне қатысты зерттеулерге шолу*

Ұзақ мерзімді әлеуметтік қақтығыстар туралы концептуалдық анықтамалар әлеуметтік ғылым саласында жекелеген авторлардың еңбектерінде кездескенімен, бұл құбылысты ғылыми айналымға концептуалды түрде жүйелеуге тырысқан ғалым Эдвард Азар болып саналады. Э. Азар ұзақ мерзімді әлеуметтік қақтығыстардың пайда болуы ерекшеліктері мен алғышарттарын айқындауға тырысады. Өзінің зерттеу нысаны ретінде Э. Азар Таяу Шығыстағы Ливан, Сирия мемлекеттеріндегі этникалық қақтығыстар, араб-израиль қақтығыстарын негізге алады. (Azar, E.E., Jureidini, P., & McLaurin, R., 1978; Azar, E. E., & Haddad, R. F., 1986; Azar, E.E., & Farah, N., 1981; Azar, E.E., 1985; Azar E.E. & Chung In Moon, 1986) Э. Азардың пікірінше, ұзақ мерзімді әлеуметтік қақтығыстар кездейсоқтықтан пайда болмайды. Бұл құбылыстың пайда болуы мен оған алғышарт бола алатын белгілі бір факторлар бар. Ол мемлекеттер ішіндегі саяси, экономикалық, мәдени үдерістердің даму формасына байланысты. О. Рэмсботэм өз еңбегінде Э. Азардың тұжырымдық концепцияларына комментарий жаза отырып, «қырғи қабақ соғыстан» кейінгі халықаралық және әлемдік саяси үдерістердегі шиеленіскен қарулы қақтығыстардың ұзақ мерзімге созылу себептерін ұғыну үшін пайдалы нұсқаулар бағалайды (Ramsbotham, O., 2005). Э. Азар үшін де О. Рэмсботэм үшін де қақтығыс тараптарының өзара байланысы, бір-біріне қатысты қарым-қатынасы маңызды. Д. Пруит

мен Ким Сун Хидің пікірінше, ұзақ мерзімді қақтығыстың қозғаушы күші қақтығысқа қатысушы екі тараптың «түбінде жеңіске жету» стратегиясы болып табылады. Дәл осы идеялық басымдылық қақтығыстың ұзақ мерзімге созылуына алып келеді. Бұл идеяны Ф. Шродта қолдайды. Оның пікірінше, ұзақ мерзімді қақтығыстың пайда болуы мен оның ұзаққа созылуы екі не одан көп тараптарды жан-жақты титықтатады. Ал, компромисске келудің құны қақтығыстың жалғасу құнынан артық болады (Schrodtt, Ph., 1983). Бұл қақтығыс тараптарының өз мүддесін қорғауда қолдау алу үшін сыртқы күштерге жүгінуге итермелейді. Қақтығысушы екі тараптың қайсы бірі екіншісіне қарағанда қуаттырақ сыртқы күштен қолдау тапса, «жеңімпаз» анықталады (Pruitt, D.& Kim, S.H., 2004). Оның себебі, кез-келген қақтығыстық жағдайға қатысты өз мүддесі бар үшінші тарап болып табылатын сыртқы күштің араласу мүмкіндігі қашан да жоғары.

Пікірді жинақтай келе, Иран күрдтеріне қатысты олардың ұлттық қозғалысы мен бірегейлігіне, Шах режимі кезіндегі, бертін келе, Ислам Республикасы кезіндегі олардың жағдаяттарына қатысты зерттеулер жүргізілгенімен, иран басқару режимі мен күрдтердің өзара қарым-қатынасының шиеленісу жағдаятының олар ұзақ мерзімге созылу үдерісін түсіндіре алатын ғылыми зерттеу еңбектерінің әлі академиялық қауымдастықта жоқтың қасы екенін байқауға болады. Сондықтан бұл зерттеу осы көтерілген мәселе төңірегінде жүргізілетін зерттеулер үшін дереккөздердің бірі болуға ұмтылады.

2. Ұзақ мерзімді әлеуметтік қақтығыс ұғымының концептуалдық мәні

Ұзақ мерзімді әлеуметтік қақтығыс – бұл екі немесе көп топтар арасындағы ұзақ уақыт бойы белгілі бір дәрежеде кешенді түрде жүретін қақтығыс. Ұзақ мерзімді қақтығысқа қатысушы тараптардың логикасы бойынша бұл қақтығысқа тігілетін мөлшерлеме жоғары, мүддені қорғау немесе кеңейту мақсатында күш қолдануды талап ететін, ұлттық (этникалық), әлеуметтік қажеттіліктермен тікелей байланысы бар құбылыс болып табылады (Azar, E. E., & Haddad, R. F., 1986). Бұл Э. Азардың берген анықтамасы. Анықтамада Э. Азар қақтығыс тараптарын «топ» деп универсалды түрде көрсетеді. Бұл қақтығыс қатысушылар тобына кез-келген топтық құрылым болуы мүмкін екендігін көрсетеді.

Ал, М. Коларези мен В. Томпсон керісінше, қақтығыс қатысушыларын «мемлекет (nation)» деп қарастырады (Colaresi, M., & Thompson, W. R., 2002).

Э. Азардың тұжырымы бойынша ұзақ мерзімді әлеуметтік қақтығыс – ұлт (этнос) аралық қарым-қатынастағы өзара тану, қабылдау, алмасу, саяси институттарға әділ түрде қол жеткізу, қоғамның (мемлекеттің) экономикалық өміріне белсенді түрде қатысу, әлеуметтік мүмкіншіліктерге дискриминациясыз белсенді қол жеткізе алу, т.б. сияқты негізгі қажеттіліктер үшін топтар арасындағы ұзақ және қатал күресумен сипатталатын жанжалды жағдайларды келтіре аламыз (Azar, E.E., Jureidini, P., & McLaurin, R., 1978, 1978:50). Қоғамдағы тұлғаның, топтың объективті болмысын білдіретін нәсілдік, ұлттық, мәдени, діни, тілдік, территориялық элементтер; субъективті болмысын білдіретін танымдық, қабылдаушылық, эмоциялық реакция, сенім элементтері түбінде тұлғалық немесе топтық бірегейлікті құрайтын болса, бірегейлік айырмашылық түбінде «біз» және «олар» деп бөлуге, ал, бұл құбылыс мүдделер қақтығысына алып келеді. Мүдделер қақтығысы тұлғааралық немес топаралық қарама-қайшылықтарды тудырып, қақтығыс жаңдайына алып келеді. Қақтығыс жағдайы екі тараптың да универсалды қауіпсіздік мәселесін ең жоғарғы міндет ретінде қарастыруға итермелейді.

Э. Азар кез-келген мемлекеттің құрамдас бөлігі болып табылатын ұлттық немесе әлеуметтік топтарды адамның негізгі қажеттіліктерімен қамтамасыз етпеу ұзаққа созылған әлеуметтік зорлық-зомбылық жағдайларына алып келеді деп санайды. Э. Азарға сүйенсек, ұзаққа созылған әлеуметтік қақтығысты келтіріп шығаратын төрт алғышарт бар:

- топтардың қоғамдық қалыптасуы (communal content),
- адами негізгі қажеттіліктерінің қамтамасыз етілмеуі (deprivation of human needs),
- басқару және мемлекеттің рөлі (governance and the state's role)
- халықаралық байланыс (international linkages) (Azar, E. E., Jureidini, P., & McLaurin, R; 1978, Azar, E.E., & Farah, N., 1981; Ramsbotham, O., 2005:113).

(1) топтардың қоғамдық қалыптасуы (communal content)

Ұзақ уақытқа созылған әлеуметтік қақтығыстың құрамдас бөлігі болып табылатын бұл

элемент қақтығыс субъектісі – ұлт немесе қоғам өкілдерінің әу бастан бар болуы. Э. Азар меңзеп отырған топ негізінен көп ұлтты мемлекеттердің территориясындағы түрлі этникалық, мәдени қоғамдастықтардың өкілдері болып табылады. Бұл топтар тарих пен кеңістіктің дамуы кезеңдерінде өздері тиесілі мемлекеттің үкіметтік құрылымдарымен байланыс құрады немесе сол құрылымдардың құрамдас бөлігі болып қызмет атқарады. Топтардың белгілі бір аймақты тығыз қоныстануы, ұйымдасу, жұмыла білу қабілеті күшейген сайын олардың мүдделері де кеңейіп, күшейе түседі. Э. Азардың пікірінше, мүдделер қақтығысы ортақ немесе топқа тиесілі ресурстарға тартып алынғанда, немесе ресурстарға қол жеткізу топтар үшін мүмкін болмаған жағдайда бұл жағдаяттың шиеленісуі мен жанжалға алып келеді. Шиеленіскен жағдайда өзара немесе бір жақты күш қолдану арқылы зорлық-зомбылық көрсету екі тарапқа да таптырмас құрал болады (Azar, E. E., Jureidini, P., & McLaurin, R; 1978:57).

(2) *адами негізгі қажеттіліктерінің қамтамасыз етілмеуі (deprivation of human needs)*

Адами негізгі қажеттіліктерінің қамтамасыз етілмеу жағдайы бірінші элементпен өзара байланысы бар. Қалыптасқан топтың өмір сүруі дамуы, әлеуетін арттыру – топтың қажеттіліктерінің қанағаттануында жатыр. Топтың, топ қоныстанған аймақтардың дамуына инвестиция салу кез-келген орталықтың міндеті болып саналады. Себебі, орталық билік мемлекет ішіндегі жалпы әлеуметтік-саяси дамудың артта қалушылықты азайтуға, өркендеуге, дамуға мүмкіндік беруі тиіс. Ал, орталық биліктің бұл үдерістерге немқұрайлы қарауы қоғамдағы өзара теңсіздік пен «таңдамалылық» мәселесін туғызады. Теңсіздік кез-келген топтың наразылығын тудыратын басты фактор (Azar, E. E., & Chung In Moon, 1986). Әлеуметтік/ұлттық топтардың саяси, әлеуметтік және мәдени тұрғысынан дамуға қол жеткізе алмауы, өздерінің тағдырына қатысты саяси шешім қабылдау үдерістеріне қатысып атсалыса алмауы ұзақ мерзімді әлеуметтік қақтығыстарға алып келетіндігіне кепіл бола алады. Э. Азар топтың бұл қажеттіліктерін сол топтар үшін ең маңызды элемент деп қарастырады. Сол себепті, бұл қажеттіліктер қанағаттандырылмаған жағдайда, қоғамдық топтар сөзсіз өздері құрамдас бөлік ретінде қарайтын қоғамда құрылымдық өзгерістерді қалайды (Azar, E. E., Jureidini, P., & McLaurin, R, 1978:59). Құрылымдық өзгерістерге

қол жеткізудің басты жолы зорлық-зомбылық қақтығысы формасында жүзеге асу мүмкіндігін жоғарылатады.

(3) *басқару және мемлекеттің рөлі (governance and the state's role)*

Кез-келген мемлекет өз территориясында қоғамдық реттеу, өз азаматтарын қорғау, оларға қоғамдық игіліктерге қол жетуге мүмкіндік беру, билікті бөліп беру, әлеуметтік-экономикалық ресурстарды тиімді пайдалану, мемлекеттік бюджет пен биліктік атқару құзіреттілігінің пропорционалды бөлінуі сияқты құрылымдық үдерістерде ішкі сан алуан топтардың мүдделері ескерілуін қамтамасыз етуі міндетті (Ramsbotham, O., 2005:115). Э. Азардың айтуынша, ұзақ мерзімді әлеуметтік қақтығыстарды мемлекет ішіндегі топтардың негізгі қажеттіліктерін қамтамасыз ете алмайтын әлсіз және авторитарлық режимдер тудырады. Саяси-басқару құрылымы тұрғысынан биліктік монополияға ие үстем топтар мұндай ресурстарға қол жетімсіз екінші топтардың әлеуметтік мәселелерін шешуге ұмтылмайды. Керісінше, биліктік-басқару құрылымының плюрализациялануы мемлекет ішіндегі әлеуметтік-саяси дезинтеграцияны күшейтеді деп санайды (Azar, E. E., Jureidini, P., & McLaurin, R; 1978:62). Әсіресе, бұл жағдай басқару жүйесі авторитарлық жүйе болып табылатын көп ұлтты мемлекеттерде жиі кездеседі. Әр түрлі әлеуметтік топтардың саяси үрдіске қатысуы ескерілмейді. Экономикалық және мәдени ресурстарға қол жеткізе алмаушылық мақрұм қалған этникалық топтар «жоғалтылған құқықты» қайтаруға ат салысады. Орталық билік «тұрақтылық пен бірыңғай интеграцияны» қаласа, мақрұм қалған топтар «әділдікті» қайта қалпына келтіруге ұмтылады. Осылайша, екі тарапта да қақтығысқа бару және осы жерден өз есесін қайтару негізгі мақсатқа айналады.

(4) *халықаралық байланыс (international linkages)*

Халықаралық байланыс Э. Азар ұсынған ұзақ мерзімді әлеуметтік қақтығыстардың пайда болуына ықпал жасайтын соңғы элемент. Жаһандану заманындағы адам мен экономикалық капиталдың, ақпараттық технологиялардың жылдам дамуы қазіргі кездегі кез-келген құбылыстардың трансұлттануына, басқаша айтқанда, халықаралықтануына алып келуде. Өзара саяси-экономикалық тәуелділік мемлекет ішіндегі болып жатқан әр түрлі құбылыстардың оның аумағына шығуына мәжбүр-

лейді. Бұл бір мемлекеттің ішіндегі орын алып жатқан қақтығыстың аймаққа, халықаралық кеңістікке шығуына мүмкіндік тудырады. Мемлекет ішіндегі қақтығысқа үшінші тараптың тартылуы, оған мүдделі болуын көрсетеді. Әсіресе, қақтығыс орнына географиялық жақын орналасқан мемлекеттер еріксіз қақтығыстың салдарынан туындайтын кешенді дағдарыстармен күрескісі келмейді. Керісінше, қақтығыс жағдайынан максималды түрде өз пайдасын іске асырып қалғысы келеді (Azar, E. E., Jureidini, P., & McLaurin, R, 1978:67).

Араласқан жадайда, үшінші тарап қақтығысушы екі тараптың біреуін таңдап, қолдау көрсетеді. Қолдау іс-әрекеті санкция түрінде немесе тікелей қақтығысушы тараптарға материалдық көмек: қаржыландыру, қару-жарақ жеткізіп беру, азық-түлік және керекті құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету, өз территориясына паналату т.с. форматтарда болуы мүмкін.

Оның үстіне, жаһандандудың салдарынан әр түрлі формадағы аймақтық интеграциялық жобалардың жүзеге асуынан туындайтын «мемлекеттік шекара» ұғымының әлсіреуі пайда болған қақтығыстардың сол территориядан келесі мемлекеттер территориясына ауысуына жағдай жасайды. Сондықтан, қақтығысқа араласушы саяси субъект біріншіден, қақтығысты мейлінше өз пайдасына шешуге, екіншіден, өзінің аумағына ауысуына мүмкіндік бермеуге мүдделі болады.

Бір мемлекет өзімен көрші мемлекетте болып жатқан саяси-әлеуметтік дағдарыстың созылуын қаламағандықтан қақтығысқа араласып, қақтығысушы үкіметтің немесе азшыл топтардың мүддесін қолдайды. Сол арқылы қақтығысты біржолата шешуге ұмтылады. Себебі, жаһандану заманында халықаралық үрдістердегі «шекаралардың» әлсіреуі кезкелген қақтығыстың бір аумақтан екінші аумаққа ауысу мүмкіндігін жоғарылатады. Сондықтан,

араласушы өзге мемлекеттер қақтығыстың сол аумақтан сыртқа шығып кетпеуін қамтамасыз ету мемлекеттік қауіпсіздіктің басты міндеті деп санайды (Azar, E. E., & Chung In Moon, 1986:399).

Кейде, керісінше, мемлекеттердің өзге мемлекеттегі ішкі қақтығыстарға араласуы – реалистік тәсілмен түсіндіріледі. Қақтығысқа араласу арқылы мемлекет көрші мемлекетті әлсірету, ондағы бар ресурстарды өз мүддесіне пайдаланып қалуға ұмтылады. Көрші мемлекеттегі дағдарыс арқылы сол мемлекеттің өзіне тәуелділігін күшейту қақтығысқа араласушы мемлекеттің негізгі мүддесі болуы да мүмкін (Parpiyev, S., & Omarova, U., 2021).

Жоғарыда қарастырылған Э. Азардың концепцияларын негізге ала отырып, бұл зерттеу жұмысы Иран билігі мен күрдтердің ұзақ мерзімді әлеуметтік қақтығысын талдайды. Талдау критерийлері ретінде, топтардың қоғамдық құрылымы, адами негізгі қажеттіліктерінің қамтамасыз етілмеуі, басқару және мемлекеттің рөлі, халықаралық байланыс элементтері алынды.

Иран билігі мен күрдтер арасындағы ұзақ мерзімді қақтығыс

1. Иран күрдтерінің қоғамдық топ ретінде қалыптасуы

Ойталқыға кіріспестен бұрын, Иранның ұлттық құрамын анықтап алған жөн. 2023 жылдың 1-жарты жылдығындағы статистикаға сүйенсек, Иранның жалпы халқының саны 87,152,376 адамды құрады (Worldometer, 2023). Дегенмен қазіргі кезге дейін Иран халқының ұлттық құрамына қатысты нақты белгіленген ресми деректер жоқтың қасы. Бұл Ирандағы күрдтерден бастап, басқа да әр түрлі этникалық топтардың нақты санын айқындауды қиындатады. Десе де, кейбір мәліметтер бойынша ирандағы этникалық құрамы 1-кестеде көрсетілген.

1-кесте – Иранның этникалық құрамының үлестік пайызы

№	Ұлт	Жалпы халықтық үлесі
1	Парсылар	66 %
2	Әзірбайжандар	18%
3	Күрдтер	10%
4	Арабтар	2%
5	Белудждер	2%
6	Басқа да ұлттар	2%

Дереккөз: The World Factbook – Iran». (2023). Explore All Countries Iran. <https://www.cia.gov/the-world-factbook/countries/iran/#people-and-society> (қаралған күні: 15.04.2023)

Ирандағы күрдтердің саны да нақты белгісіз. Сондықтан, бар дерекке сүйенетін болсақ, ол қазірге таңда 9-10 миллиондай деп тұспалдайды. Күрдтер Иранның негізінен солтүстік-батыс бөлігінде – Күрдістан, Керманшах, Батыс

Әзірбайжан, Илам және Лурестан провинцияларында қоныстанған. Сонымен қатар, Иранның Әзірбайжанмен шекараласатын Солтүстік Хорасан провинциясында біршама күрдтер қоныстанған (1-сурет).



1-сурет – Иран күрдтерінің қоныстану аймағы

Дереккөз: United States Institute of Peace, Iran Minorities 2: Ethnic Diversity, 03.09.2013, <https://iranprimer.usip.org/blog/2013/sep/03/iran-minorities-2-ethnic-diversity> (қаралған күні: 25.03.2023)

Саны жағынан Иран күрдтері мемлекеттегі 3-ші ірі ұлт болып саналады. Иран күрдтері Ислам және Ярсанизм діни ағымын ұстанады (Akbarzadeh, S., Laoutides, C., Gourlay, W., & Shahab Ahmed, Z., 2019). Түркия, Ирак, Сириядағы күрдтер аймақтағы әр түрлі кезеңдегі геосаяси өзгерістердің арқасында ұлттық қозғалысты жүзеге асыруда әр түрлі деңгейдегі жетістіктерге қол жеткізген болса, Иран күрдтері керісінше, бұл салада жетістікке қол жеткізе алмауда. Бұған қатысты ғалымдардың бір тобы Иран күрдтерінің өз ұлты тәуелсіздігіне жеткіліксіз әрекет етпегендігі деп түсіндірсе (Akbarzadeh,

S., Laoutides, C., Gourlay, W., & Shahab Ahmed, Z., 2019), екінші тобы керісінше, Ирандық күрдтердің тілдік, ұлттық ерекшеліктері ирандық парсылармен ұқсастығын алға тартады (Saeed, S., 2020).

1918-30 жылдар аралығындағы Ш. Шимко көтерілісі, 1946 жылғы Қазі Мұхаммед құрған Межабад Республикасы, 1945 жылғы Иран Күрдістан Демократиялық Партиясы (ИКДП) қозғалысы, 1979 жылғы Ислам Революциясынан кейін Комала ұйымының үкімет құрамындағы аз уақыт бойындағы басқару ісіне қатысуы Иран күрдтері тарапынан жасалынған ұлттық

қозғалысының басты көріністері болып табылады (Hassaniyan, A., 2019).

Ирандағы күрдтердің қозғалысы негізінен тайпалық, дәстүрлік-феодалдық құрылымдар негізінде жүзеге асты. Күрдтер саяси-әлеуметтік ұйымдарының құрылымы да осы тайпалық дәстүрлілікке негізделеді. Күрдтердің басты саяси топтары ретінде қарастырылатын Күрд Коммунистік Революциялық тобы (КОМАЛА) мен ИКДП тайпалық көсем және туыстық қарым-қатынастар институтының базасында құрылған болатын. Мехабад Республикасының құлауы мен иран күрд көшбасшыларының біржолата репрессияға ұшырап, өлім жазасына кесілуі ұлттық қозғалыстың әрекетіне ауыр соққы болды. 1950 жылдардан кейін иран күрдтері тарихындағы «ұзақ мерзімді үнсіздік» кезеңі басталғандығы белгілі болды.

1960 жылдары Иран күрдтері Иран үкіметіне қарсы қозғалысты қайта жандандыруға әрекет жасағанымен, басшы белсенділер арасындағы өзара алауыздықтың күшеюі, қозғалыстың қарқынын тежеп тастады. ИКДП басшылары – Абдул Рахман Гассемлоу мен Ахмет Тофиктың арасындағы өзара келіспеушілігі, бәсекелестігі партияның күшін әлсіретті. Нәтижесінде ИКДП мүшелері Иран Шах режимінің қысымымен мемлекет аумағынан шығып кетуіне мәжбүр болды (Hassaniyan, A., 2019).

1968 жылғы КОМАЛА-ның құрылуы Иран күрдтерінің орталық билікпен күресі тарихындағы бетбұрыстық оқиға болды. Солшыл идеялар негізінде құрылған КОМАЛА ИКДП-мен бірге күрдтердің негізгі саяси ұйымына айналды. Дегенмен, тез арада бұл екі ұйым арасында күрдтердің көшбасшы ұйымына айналуы бойынша бәсекелестік пайда болды.

1989 жылы Венадағы күрд басшысы Абдул Рахмен Гассемлудың, 1992 жылы одан кейінгі сайланған Садег Шарафкандидың Берлинде Иран қауіпсіздік қызметкерлері тарапынан өлтірілуі Ирандағы күрдтердің саяси белсенділігінің қарқынын төмендетті. Онымен қоймай, ИКДП мен КОМАЛА өкілдері толығымен көрші Ирак Күрдістан аумағына жасырынуға мәжбүр болды (Yildiz, K., & Taysi, T. B., 2007).

2002 жылы Таяу шығыстағы ең беделді күрдтер саяси күші болып табылатын Күрдістан Жұмысшылар Партиясының (Partiya Kar-kerên Kurdistanê, PKK) қолдауымен Шығыс Күрдістан, немесе Иран Күрдістан аумағында «Күрдістандағы еркін өмір үшін атты партия» (Partiya Jiyanê Azad a Kurdistanê, ПЖАК)

құрылды. ПЖАК та, PKK да өзінің рухани көшбасшы ретінде Абдулла Оджаланды санайды. ПЖАК-тың ИКДП мен КОМАЛА-дан айырмашылығы – сыртқы күштерден қолдау алмай, тек күрдтердің күшімен ғана күрес жүзеге асқанда ғана мақсатқа жетуге болады деп сенеді. Күрес жолы – әскери қарулы күрес және күрдтер арасындағы саяси ағартушылық науқанын күшейту болып табылады. РЖАК қазіргі таңда Иранда, Түркияда және АҚШ-та террористік ұйым ретінде танылған. Дегенмен, РЖАК Ирандағы күрдтердің әлеуметтік күйіне қайта серпіліс бергендей болды (Tugdar, E.E., Al, S., 2018). Себебі, 2015 жылы ИКДП тарапынан қайта жаңғыру әрекеттері басталып, күрдтердің мүддесін Иран үкіметі алдында алға тарту саяси қозғалыстары қайта қолға алынды.

2. Иран күрдтерінің ұлттық қажеттіліктерінің қамтамасыз етілмеуі

1) Ұлттық бірегейлікті сақтаудағы қажеттілік

Этникалық сипаты жағынан күрдтер парсылармен ұқсас болғанымен белгілі бір дербес ұлттық ерекшеліктері бар. Бірінші кезекте, ол діни-наным тұрғысынан көрінеді. Ирандағы күрдтердің басым бөлігі ислам-сунниттік бағытты ұстанады. Бұл, шииттік бағытты мемлекеттің негізгі идеологиялық бағыт деп санайтын орталық билікпен арасындағы қарама-қайшылықты көрсетеді (Vali, A., 1995).

Жалпы, Ирандық ұлтшылдық (национализм) ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында қалыптасты. «Ирандық ұлт» атауы мемлекеттің 1906 жылы қабылданған алғашқы Конституцияда көрсетілді. Саяси мақсатқа негізделген бұл терминнің аясына парсы тілі мен мәдениеті және шиизм діні негіздері кірді. «Ирандық ұлт» – Иранның территориясындағы басқа да аз ұлттардың тілі мен мәдениеті, діни ерекшеліктерін ескермеді.

20 жылдан кейін билікке келген Реза Шах Пехлеви мемлекеттік ұлтты құруда «ирандық ұлт» идеясының шеңберінде ішкі ұлттарды ассимиляциялау арқылы мемлекеттік интеграциялық біртұтастылықты нығайтуға кірісті.

1979 жылғы Конституция мемлекетті Ислам Республикасына айналдырды. Бұл, күрдтердің дербес ұлт ретіндегі мәртебесіне жету жолындағы күресті одан әрі қиындатты. Себебі, Иран Ислам Республикасы Конституциясының 11-бабында барлық мұсылмандар – бір «умманы» (қауымды) құрайды. Демек, жергілікті

биліктің логикасына сәйкес, бір қауымның парсы – күрд болып бөлінуіне «негіз жоқ». Дәл, осы Конституцияға сәйкес, елдегі азшыл топтар тек діни ерекшеліктеріне негізделіп бөліне алады (Yildiz, K., & Taysi, T. B., 2007). 13-бапта ирандық зороастризм, иудаизм және христиан өкілдері ғана азшыл топ есебінде ресми түрде мәртебеге ие. Ал, 19-бабаға сәйкес, кез-келген этникалық топқа немесе тайпалардан тұратын ирандықтар нәсілдік, тілдік, мәдени, діни т.б. ерекшеліктеріне қарамастан тең құқыққа ие деп көрсетілген (Worldconstitutions, 2023). Иран жоғарғы билігі Конституцияға сүйене отырып, күрдтер Иран қоғамында өзге де топ өкілдерімен бір қатарда тең әлеуметтік, саяси мүмкіндіктерді пайдаланып отыр деп мәлімдегенімен, іс-жүзінде саяси сайлау науқандарында күрд-суннит өкілдерінің саяси науқандарға жіберілмеуі, күрд саяси белсенділері мен ұйымдарының мемлекеттің ішіндегі саяси үрдістерден тыс қалуы, оқшаулануы, мемлекеттік білім беру орындарындағы күрд тіліндегі білім беру бағдарламаларының жоқ болуы, күрд БАҚ құралдарының шектеулі болуы т.с.с. көптеген құбылыстар Иран күрдтерінің бірегейлікті сақтау және дамытуға қатысты күрес жүргізуіне алып келуде.

2) Күрдтердің экономикалық қажеттіліктерінің қамтамасыз етілмеуі

Иран Күрдістан аумағы мемлекеттегі даму деңгейі ең артта қалған аграрлы жүйелі аймақ болып табылады. Күрдтер қоныстанған аймақтардағы әлеуметтік жағдаят күрделі жағдайда және орталық билік тарапынан жиі еленбейді. Жергілікті күрдтер Иран-Ирак соғысынан кейін жераудару саяси әрекетіне тап болып, өздеріне тиесілі меншіктік жерлері үкімет тарапынан конфискацияланумен бір қатарда соғыстан зардап шеккен инфрақұрылымдар әлі күнге дейін қалпына келтірілмеген. Көп аудандардағы кәріз жүйесі ашық аспан астындағы жағдайда. Сонымен қатар, аумақтар экологиялық тұрғыдан қарағанда ластанған аумақтар болып табылады. Күрдтер қоныстанған аумақтардың жалпы дамымағандығы олардың қарапайым медициналық көмекке қолжетімділіктің күрделі болуымен, нашар экологиялық жағдайдың салдарынан аурулардың өршуімен де көрінеді.

Соңғы ондаған жылдар бойы күрдтер орталық биліктің оқшаулау саясатынан экономикалық стагнацияға ұшырап, әлеуметтік әл-ауқаттың төмендеуіне алып келді. 1985 жылы қабылданған «Гозинеш» заңы ресми тіркел-

меген діни ағымдар мен этникалық топтардың мемлекет ішіндегі қоғамдық-азаматтық үдерістерге шектеу қойды. Осы заңға сәйкес, ресми мойындалмаған тұлғалар қатаң діни-идеологиялық тексерістерден өткізіліп, тексерістен өтпей қалған жағдайда мемлекеттік білім беру мекемелерінен білім алуға, жұмысқа тұруға және көптеген әлеуметтік-қоғамдық мүмкіншіліктерден мақрұм қалады (Amuzegar, J., 2001). Нәтижесінде, Иран ішіндегі 20 ірі қаладағы жұмыссыздық деңгейін күрт арттырды.

Әсіресе, күрдтер қоныстанған аумақтағы тұрғындардың білім беру мекемелеріне қол жеткізе алмаушылығы, күрдтер арасындағы сауатсыздық деңгейін арттыруға септігін тигізеді. Білім беру мекемелер инфрақұрылымының өте нашар болуы, жас күрдтердің мектептерді тастап, жұмыс іздеуге мәжбүр етеді. Жоғарғы білімді квалификацияның болмауы күрдтерге жоғарғы деңгейлі еңбек-шартты жұмыстарға орналасуға мүмкіндік бермейді. Соның нәтижесінде, жүз мыңдаған күрдтер Иран/Ирак/Түркия/Сирия шекаралар аумағында заңсыз тауар тасымалдау (контрабанда), қызмет көрсету саласындағы түрлі жұмыстармен айналысуға мәжбүр. Оларға арналған арнайы термин де бар. Ол – «колбар» деп аталады (Soleimani, K, Mohammadpour, A., 2020).

2017 жылдың қараша айында Иран мен Иракта орын алған жер сілкінісінен Иран Күрдістан аумағы қатты зардап шекті. Иран билігінің жер сілкінісінен үйсіз қалған күрдтерге қатысты көмек беру туралы уәдесінің әлі күнге дейін орындалмауы иран күрдтерінің әлеуметтік ереуілдерге шығуына мұрындық болуда.

Батыс Әзірбайжан провинциясының Заршоран ауданы мен Күрдістан провинциясының Дашкасан аудандарындағы алтын кен орындарын игеру және жұмысқа негізінен парсы ұлты өкілдерін тарту жергілікті күрдтердің жұмыспен қамтылу мәселесін өршітті. Оның үстіне Иран Күрдістанына Сирия және Ирак Күрдістанының жер бедерінен бөлек, Загрос таулар жотасы кіреді. Бұл Иран Күрдістанын жер асты ауыз сумен қамтамасыз ете алады. Дегенмен, оны игеру және жергілікті тұрғындарды ауызсумен қамтамасыз ететін инфрақұрылым әлі де қажет.

3. Иран билігінің ұлт саясаты ұлттық саясаттың ұзақ мерзімді әлеуметтік қақтығыстағы рөлі

Иран Ислам Республикасы өзінің биліктік легитимділігі мен мәртебесін екі ресурстан

алады. Біріншіден, белсенді саяси қатысуына негізделген халықтың еркі (азаматтық, жалпы халықтық қатысу). Екіншіден, Құдайдан, және оның пайғамбарлары мен шииттік қауымнан, имамдардан, діни қызметкерлерден, ең бастысы, Жоғарғы көшбасшы мәртебесін қамтитын ислам шиизм бағытынан алады. Яғни, Иранның басқару формасы діни құндылықтарға негізделген идеологиялық жүйеден құралғанымен, өзінің квази-демократиялық Конституциялық механизмдеріне байланысты толыққанды теократиялық мемлекет емес болып саналады. Иранның көшбасшылары өз азаматтарынан Иран мемлекетінің территориялық біртұтастығы мен заңды мәртебесіне ғана емес, сонымен қатар «Ислам Республикасы» деп аталатын «қасиетті Орденге» («nezaʔm-e moqaddas-e jomhuri-ye eslaʔmi») идеологиялық тұрғыдан борыштар болуын міндеттейді (Vali, A., 1995; Elling, R.C., 2008). Бұл, өз кезегінде азаматтар үшін Иранды «жай ғана мемлекет» қана емес, сакральді объект етеді.

Демек, Реза Шах Пехлеви режимі тұсындағы азшыл ұлттардың мәселесі «ирандық ұлт» ұғымының ішінде қарастырылып, орталық билік азшыл ұлттардың қозғалысы мемлекеттің территориялық біртұтастығы мен егемендігіне қауіп ретінде қарастырса, Аятолла Хомейни режимі тұсында «ирандық ұлт» ұғымы оған қарағанда кең ауқымды, универсалды «мұсылмандық умма» ұғымымен толықтырылып, Исламдағы бөлінудің «фитна» ретіндегі «тыйым салынған ең ауыр күнәлардың бірі» ретіндегі мағынасы Иранның ұлттық-мемлекеттік идеологиясының негізі болып қаланды. Этникалық бірегейлік тақырыбы Хомейни режимі тұсында «табуға» айналып, батыстық әлемнің «бөліп ал да, билей бер» империалистік стратегиясының құралы ретінде қарастырылды (Atabaki, T., 2005). Сондықтан, Иран күрдтерінің ұлттық қозғалысы мен өз-өзін айқындау құқығы, автономия сұрау саяси әрекеттері орталық билік үшін ойталқығы келмейтін мәселе болды.

Осыған байланысты, Иран билігінің соңғы бір ғасыр бойындағы күрдтерге қатысты жүргізген саясаты олардың бірегейлігін ассимиляция жасау арқылы, ирандық қоғамға интеграциялауға бағытталды. Ассимиляциялау саясаты барысындағы Түркия, Ирак, Сириядағы жағдайлардан ерекшеленетін, тек Иран үкіметі ғана жасаған кейбір әрекеттерді атап өтуге болады. Иран билігі күрдтердің ұлттық қозғалысын басу мақсатында әрқашан жүйелі түрде

олардың көшбасшыларының көзін жоюға ұмтылды. Оның себебі, Иран үкіметінің логикасы бойынша, ұлттық қозғалысты оның көрнекті көшбасшыларынсыз жүзеге асыру мүмкін емес. Көшбасшыны көзін құртқан жағдайда, қозғалыстың қайта ұйымдастырылуы әрқашан да қиындыққа ұшырайды (Bengio, O., 2017). Бұл саяси логика өз жемісін берді. Жоғарыда айтып өткендей, Шикак Шимко, Қазі Мұхаммед, Абдул Рахман Гассемлоу, Садег Шарафкандидың өлтірілуі бұған дәлел бола алады.

Оның үстіне Иран билігі демографиялық факторды да өз мақсатына пайдалануға ұмтылды. Парсылар мен шииттік бағытты ұстанушы мемлекеттік идеологияға «адал» халықтың бір бөлігін күрдтер тығыз қоныстанған аймақтарға үдере көшіру операцияларын сәтті жүзеге асырды. Ал, жас күрдтерді шиизмге шақыру арқылы өз сапына қосу шараларын белсенді пайдалануға тырысты (Bengio, O., 2017).

Күрд-сунниттердің «әлеуметтік төмен» мәртебесі олардың білім алуына, мемлекеттік саяси құрылымға жұмысқа орналасуға, жергілікті саяси үдерістерге қатысуына кедергі болды.

Әскери қақтығыс тұрғыдан, ең үлкен қарулы қақтығыс 1979-80 жылдары орын алды. Нәтижесінде 10,000-ға жуық күрдтер тікелей соғыс кезінде немесе қақтығыстан кейінгі жаппай жазалау кезінде қаза тапты. 1983 жылы Иран-Ирак соғысы кезінде, Иран үкіметі соғыстағы жағдайдың қиын болғанына қарамастан, күрдтердің көтеріліс әрекетін тоқтата алды. Одан кейінгі 30 жыл бойы күрдтердің Иран үкіметіне қарсылығы кең көлемдегі масштабта болған жоқ. Дегенмен, ұдайы қарсылық пен компромиске келмейтін позициялары екі тарапты да бір-бірінен біржолата оқшаулатты.

4. Иран күрдтерінің халықаралық байланысы

Иран билігі күрдтерді репрессиялау әрекетін мемлекеттің біртұтастығын сақтау үшін қажет деп санайды. Дегенмен, бұл жағдай керісінше, күрдтердің қарсылық деңгейін күшейтетін жағдайға алып келуі мүмкін. Басқаша айтқанда, Иран билігінің күрдтерді «ауыздықтау» әрекеті «күрдшілдік» идеясын одан әрі күшейтеді. Дәл осындай жағдай Түркияда да орын алған болатын (Romano, D., 2006:109-110). Сыртқы (мемлекеттің) қысымы – ішкі (этникалық топтың) ынтымақтастықты күшейтеді (Akbarzadeh, S., Laoutides, C., Gourlay, W., & Shahab Ahmed, Z., 2019; Gourlay, W., 2020).

Ф. Холлидей Таяу Шығыстағы мемлекеттер үкіметтерінің өз аумағындағы этникалық топтардың саяси әрекетін трансұлттық сын-қатер ретінде қабылдауы және соған жарыса әрекет етуін тегін емес екендігін атап өтеді. Оның пікірінше, этникалық топтардың әрекетінен мемлекеттер үшін туындайтын сын-қатерлер әрқашан әскери немесе идеологиялық формада болуы мүмкін. 2002 жылғы Иран аумағындағы ПЖАК өкілдерінің пайда болуы және олардың әскери қақтығыс формасындағы Иран билігіне қарсы күресі жалпы Таяу Шығыстағы күрдтерді ынталандырды (Halliday, F. (2005:233-234). Әрекетсіздіктен нақты іс-қимылға көшу – ұзақ жылдар бойы шиеленіскен ортада жағдаятты өзгерткісі келетін (жұмыссыздық, саяси-әлеуметтік теңсіздікке тап болған т.б.) күрдтер үшін тартымды саяси ұран бола алатыны сөзсіз (Brandon, J., 2006).

Ерекше атап өтетін жайт, ПЖАК ұйымы 1997 жылы Иранда билік басына келген президент Хатамидың тұсында пайда болды. Хатамидың этникалық азшыл топтардың мүдделерін қорғауға алу туралы жүргізген сайлау алды саяси науқаны Ирандық күрдтер арасында кеңінен қолдау тапты. Алайда, Хатами Президент болып сайланғаннан кейінгі «қоғамдық уәденің» орындалмауы Иран күрдтерінің наразылығын тудырып, ұзақ жылдар бойы қолына қару алмаған халықты қаруландыруға мәжбүр етті (Stansfield, G. (2004:77). Осылайша, Иран күрдтерінің орталық билікке наразылығы мен КЖП (РКК) өкілдерінің ықпалы ПЖАК өкілдерінің рухани күрестен материалдық күреске өтуіне алып келді. Бір ескеретін жайт, қақтығыстан қаза тапқандар күрдтердің жеке тұлғалық мәліметтері айқындалғанда олардың көбісі Иран аумағында туылмағандығы белгілі болды (Tezcür, G. M., Asadzade, P., 2019). ПЖАК базасының өзі көрші Ирак Күрдістан аумағында орналасқандығын ескерсек, Иран күрдтері қозғалысының трансұлттық сипатта жүзеге асып жатқандығын аңғаруға болады. Бұл өз кезегінде, Иран билігін тек өз аумағындағы мәселемен ғана емес, көршілес аймақтық деңгейдегі сын-қатерлермен де күресуге мәжбүрлейді.

Этникалық қақтығыстарды зерттейтін көптеген зерттеу жұмыстары – этникалық көтерілісші күштерінің трансшекаралық аймақтардан база тауып, қақтығысушы күшке қарсы ауқымды артықшылықтарға ие болатындығын дәлелдейді. Сонымен қатар, көтерілісші күштер трансшекаралық аудандарды паналай жүріп,

қабылдаушы мемлекет пен халықаралық қауымдастықтың қақтығысқа назарын аударуға, қолдау алуға қол жеткізе алады. Оған дәлел ретінде КЖП өкілдерінің ұзақ жылдар бойы Сирия трансшекаралық аумағын пайдаланып, анти-түркиялық қозғалысын жүзеге асыра алды (Gurses, M., 2014).

Бұл жағдайда Иран үкіметі күрдтерге қауіпсіздік жағдайынан қарап, күш қолдану тактикасын іске асыруға мәжбүрлейді. 2011 жылғы ПЖАК-ты жоюға қатысты Иран қауіпсіздік қызметінің арнайы операциясы мен 2007-2016 жылдар аралығындағы күрд қоғамдық белсенділерін өлім жазасына кесу әрекеттерін дәлел ретінде келтіруге болады. Ирандағы 2018 жылғы өлім жазасына кесілген тұтқындардың 45 пайызы күрд өкілдері болды (Tezcür, G. M., Asadzade, P., 2019).

Қорытынды

Жалпы күрдтер мәселесі, қазіргі таңда Таяу Шығыс аймағындағы әлі күнге дейін өз шешімін таппаған күрделі мәселе болып келеді. Түркия, Иран, Ирак, Сирия мемлекеттеріне бөлінген тарихи Күрдістан аумағы және оны қоныстанға күрд ұлтының саяси қозғалыстары әлеуметтік ғылымдар қауымдастығы тарапының қызығушылығын тудырып келді. Соның ішінде сандық және тақырыптық, салалық жағынан аз зерттелген күрдтер нақ Иран күрдтері болып саналады. Бұл Иран билігінің тәуелсіз зерттеушілерге қажетті деректер базасына шектеу қойғанымен түсіндіріледі.

Иран билігі мен күрдтер арасындағы шиеленіскен қақтығыстар соңғы бір ғасыр бойы жалғасуда. Иран күрдтерінің жергілікті билікпен қарым-қатынасы Реза Шах Пехливи режимі мен Иран Ислам Республикасы билігі кезінде әр түрлі формада қалыптасты.

Бұл зерттеу жұмысы Иран билігі мен күрдтер қақтығысын Э. Азардың ұзақ мерзімді әлеуметтік қақтығыс тұжырымы тұрғысынан қарастырады. Талдау критерийлері ретінде, топтардың қоғамдық құрылымы, адами негізгі қажеттіліктерінің қамтамасыз етілмеуі, басқару және мемлекеттің, халықаралық байланыс элементтері алынды.

Зерттеу қорытындысына бойынша, біріншіден, Ирандағы күрдтер ғасырлар бойы өз бірегейлігін жоғалтпаған, ассимиляцияға төтеп бере алатын және жұмылдыру деңгейі жоғары ұлттық топ екендігін көрсете алды. Екіншіден,

Иран үкіметі күрдтердің экономикалық, саяси, әлеуметтік, мәдени қажеттіліктерін қамтамасыз етуде шектеулер қою саясатын ұстанып келді. Үшіншіден, Иран үкіметі тарихи әр кезеңде күрдтерге қатысты ассимиляциялық және репрессиялық саясатты ұстанып келді. Бұл әсіресе, исламдық республика шеңберінде айқын байқалады. Себебі, Иранның ұлттық интеграциялық идеологиясы жекелеген ұлттар бірге өмір сүретін федерациялық формаға емес, керісінше,

«мұсылмандық умма» деп этникалық шеңберден шығатын универсалды идеяға негізделді. Төртіншіден, ирандық күрдтер әрқашан да шетелдегі күрд диаспораларымен тығыз байланыста екендігі мәлім болды. Бұл оларға өз мәселелерін халықаралық деңгейде көтеріп, әрқашан қолдау ала алатындықтарын білдіреді. Демек, Э. Азардың тұжырымы Иран билігі мен күрдтер арасындағы қақтығыстың ұзақ мерзімді болуының себептерін түсіндіруге келеді.

Әдебиеттер

- Aghajanian, A. (1983). Ethnic Inequality in Iran: An Overview. *International Journal of Middle East Studies*, 15(2), 211-224.
- Akbarzadeh, S., Laoutides, C., Gourlay, W., & Shahab Ahmed, Z. (2019). The Iranian Kurds' transnational links: Impacts on mobilization and political ambitions. *Ethnic and Racial Studies*, 1–20.
- Ahmadzadeh, H., & Stansfield, G. (2010). The Political, Cultural, and Military Re-Awakening of the Kurdish Nationalist Movement in Iran. *Middle East Journal*, 64(1), 11–27.
- Ali, H. (2016). Iran and its Opposition Kurdish Parties: The Need for Dialogue. Middle East Research Institute.
- Al-Monitor, «Arrest by hijab police leaves woman comatose», 15.09.2022, <https://www.al-monitor.com/originals/2022/09/arrest-hijab-police-leaves-woman-comatose> (қаралған күні 25.03.2023)
- Amuzegar, J. (2001), Iran's Post-revolution Planning: The Second Try. *Middle East Policy*, 8(1), 25-42.
- Atabaki, T. (2005). Ethnic Diversity and Territorial Integrity of Iran: Domestic Harmony and Regional Challenges, *Iranian Studies*, 38(1), 23–44.
- Azar, E. E., Jureidini, P., & McLaurin, R. (1978). Protracted Social Conflict; Theory and Practice in the Middle East. *Journal of Palestine Studies*, 8(1), 41–60.
- Azar, E.E., & Farah, N. (1981). The structure of inequalities and protracted social conflict: A theoretical framework. *International Interactions, Empirical and Theoretical Research in International Relations*, 7(4), 317-335.
- Azar, E.E. (1985). Protracted international conflicts: Ten propositions. *International Interactions, Empirical and Theoretical Research in International Relations*. 12(1), 59-70.
- Azar, E. E., & Haddad, R. F. (1986). Lebanon: An Anomalous Conflict? *Third World Quarterly*, 8(4), 1337–1350.
- Azar, E. E., & Chung In Moon. (1986). Managing Protracted Social Conflicts in the Third World : Facilitation and Development Diplomacy. *Millennium*, 15(3), 393–406.
- Bengio, O. (2017). Iran's Forgotten Kurds. In *The Kurds in a Volatile Middle East* (pp. 33–37). Begin-Sadat Center for Strategic Studies.
- Brandon, J. (2006). Iran's Kurdish Threat: PJAK. *Jamestown Foundation Terrorism Monitor* 4 (12), 1–4
- Brathwaite, K.J. H. (2014). Repression and the Spread of Ethnic Conflict in Kurdistan. *Studies in Conflict & Terrorism* 37(6), 473-491
- Colaresi, M., & Thompson, W. R. (2002). Strategic Rivalries, Protracted Conflict, and Crisis Escalation. *Journal of Peace Research*, 39(3), 263–287.
- Eccarius-Kelly, V. (2018). *Kurdish Studies in Europe*. Routledge Handbook on the Kurds Routledge, p. 22
- Elling, R.C. (2008), State of Mind, State of Order: Reactions to Ethnic Unrest in the Islamic Republic of Iran. *Studies in Ethnicity and Nationalism*, 8(3), 481-501.
- Entessar, N. (2014). 'The Kurds in Iran: the quest for identity' in O. Bengio (ed.), *The Kurdish Awakening: Nation Building in a Fragmented Homeland*. Austin, TX: University of Texas Press: 233– 251
- Entessar, N. (1984). The Kurds in post-revolutionary Iran and Iraq. *Third World Quarterly*, 6(4), 911–933.
- Fisher, R. J. (2001). Cyprus: The Failure of Mediation and the Escalation of an Identity-Based Conflict to an Adversarial Impasse. *Journal of Peace Research*. 38(3), 307–26.
- Gourlay, W. (2020). Oppression, solidarity, resistance. In *The Kurds in Erdoğan's Turkey: Balancing Identity, Resistance and Citizenship* (pp. 167–192). Edinburgh University Press.
- Gresh, G. F. (2009). Iranian Kurds in an Age of Globalisation. *Iran & the Caucasus*, 13(1), 187–196.
- Gurses, M. (2014). "From War to Democracy: Transborder Kurdish Conflict and Democratization." in *Conflict, Democratization, and the Kurds in the Middle East*, edited by David Romano, and Mehmet Gurses, 249–265. New York: Palgrave Macmillan.
- Halliday, F. (2005). *The Middle East in International Relations: Power, Politics and Ideology*. Cambridge: Cambridge University Press.
- Hassaniyan, A. (2019). The Kurdish peasant movement (1952–1953): A missing element of the Iranian Kurdish struggle. *Asian Journal of Middle Eastern and Islamic Studies*, 13(3), 387–406.

- Itzchakov, D. (2017). *Iran and the Kurdish Challenge*. Begin-Sadat Center for Strategic Studies.
- Парпиев, С., & Омарова, У. (2021). Затяжные социальные конфликты (protracted social conflict) как предпосылки сепаратистических движений иракских курдов. *Вестник КазНУ. Серия международные отношения и международное право*, 96(4), 35-49
- The Kurdish Romano, D. (2006). *Nationalist Movement: Opportunity, Mobilization and Identity*. Cambridge: Cambridge University Press.
- Saeed, S. (2020). The Kurds in Middle Eastern Politics: A Historical Survey. *Asian Journal of Middle Eastern and Islamic Studies*, 14(2), 288–300.
- Schrodt, Ph. A. (1983). "A Model of Sporadic Conflict." In Dina A. Zinnes, ed. *Conflict Processes and the Breakdown of International Systems*. Denver, CO: University of Denver Press.
- Soleimani, K, Mohammadpour, A. (2020). Life and labor on the internal colonial edge: Political economy of kolberi in Rojhelat. *Br J Sociol.* 2020; 71(4), 741– 760.
- Stansfield, G. (2004). "Kurds, Persian Nationalism, and Shi'i Rule: Surviving Dominant Nationhood in Iran." In *Conflict, Democratization, and the Kurds in the Middle East*, edited by David Romano, and Mehmet Gurses, 59–84. New York: Palgrave Macmillan.
- Tezcür, G. M., Asadzade, P. (2019). Ethnic nationalism versus religious loyalty: The case of Kurds in Iran, *Nations and Nationalism*, 25(2), 652– 672.
- Tugdar, E.E., Al, S. (2018). *Comparative Kurdish Politics in the Middle East: Actors, Ideas, and Interests*, Palgrave Macmillan.
- United States Institute of Peace, *Iran Minorities 2: Ethnic Diversity*, 03.09.2013, <https://iranprimer.usip.org/blog/2013/sep/03/iran-minorities-2-ethnic-diversity> (қаралған күні: 25.03.2023)
- Vali, A. (1995). The making of Kurdish identity in Iran. *Critique: Critical Middle Eastern Studies*, 4(7), 1–22.
- Yildiz, K., & Taysi, T. B. (2007). *The Kurds in Iran: The Past, Present and Future*. Pluto Press.
- Worldometer, (2023). Iran population, 15.04.2023, <https://www.worldometers.info/world-population/iran-population/> (қаралған күні: 15.04.2023)
- Worldconstitutions, (2023). Библиотека конституций Пашкова Романа Конституция, государств (стран) мира, Конституция Исламской Республики Иран, <https://worldconstitutions.ru/?p=83> (қаралған күні 09.04.2023)